

**Екібастұз қаласы Сарықамыс ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 31 наурыздағы "Шектеу шараларын тағайындау туралы" № 1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Екібастұз қаласы Сарықамыс ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 09 қыркүйектегі № 2 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына және Екібастұз қаласының мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық бас инспекторының 2015 жылғы 7 қыркүйектегі № 1-14/252 ұсынысы негізінде **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Екібастұз қаласы Сарықамыс ауылдық округінің Сарықамыс ауылындағы Ленин көшесі 18-үйде орналасқан "Қуандық" фермерлік қожалығының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының ошақтарын жоюға қатысты ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Екібастұз қаласы Сарықамыс ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 31 наурыздағы "Шектеу шараларын тағайындау туралы" № 1 (Павлодар облысының Әділет департаментінде № 4436 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 17 "Отарқа" және 2015 жылғы 7 мамырдағы № 18 "Голос Экибастуза" газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Екібастұз қаласы  
Сарықамыс ауылдық  
округінің әкімі*

*М. Сейсембаев*